Санбаева Балым Жалғасқызының «8D01801 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған «Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі» тақырыбына жазған диссертациясына

АҢДАТПА

Зерттеу өзектілігі: Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі – қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі. Жаһандану дәуірінде білім алушылардың басқа елдерде оқу мүмкіндіктерінің кеңеюі олардың әлеуметтік және академиялық ортаға сәтті бейімделу қажеттілігін арттырды. Әр елдің білім беру жүйесі, мәдени ерекшеліктері мен әлеуметтік нормаларының әртүрлі болуы жаңа ортаға бейімделу үдерісін шетелдік студенттер үшін күрделендіреді. Осыған байланысты олардың бейімделуін қолдау және тиімді тетіктерін айқындау қажеттілігі өзекті болып отыр.

Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесінде шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі мәселесі бірқатар стратегиялық және нормативтік-құқықтық құжаттар аясында жанама түрде көрініс тапқан. Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында жоғары білімді интернационалдандыру басым бағыттардың бірі ретінде айқындалған. Бұл құжатта шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі жеке бағыт ретінде қарастырылмағанымен, халықаралық бағдарламаларды дамыту, студенттердің әлеуметтік белсенділігін қолдау, студенттік өзін-өзі басқаруға тарту, жатақханамен қамтамасыз ету, цифрлық ресурстардың қолжетімділігін кеңейту және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру арқылы олардың университеттік ортаға табысты кірігуіне жағдай жасау көзделген.

Қазақстанның жоғары оқу орындары шетелдік студенттерді тарту бағытында белсенді жұмыс жүргізуде. Қазіргі кезеңде шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін қамтамасыз ету мәселесі жоғары білім беру жүйесінің интернационалдану үдерісімен тығыз байланысты. Дегенмен, қолданыстағы институционалдық және әдістемелік тетіктер бұл үдерісті толық қамтамасыз ету үшін әлі де жетілдіруді талап етеді.

Зерттеудің мақсаты: Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделу үдерісін ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеу, құрылымдық–мазмұндық модель әзірлеу және оның тиімділігін педагогикалық тәжірибелік-экспериментте дәлелдеу.

Зерттеу міндеттері:

– «бейімделу», «әлеуметтік-педагогикалық бейімделу» ұғымдарының ғылыми–теориялық мазмұнын талдау және авторлық анықтамаларды тұжырымдау;

– шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін зерттеудің теориялық-әдіснамалық тұғырлары мен қағидаттарын жүйелеу және негіздеу;

– жоғары оқу орындарында шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін қамтамасыз ету тәжірибесіне салыстырмалы талдау жасау, Түркия елінің Гази университетінің тәжірибесін қарастыру;

– университеттік ортада шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін қамтамасыз етудің құрылымдық-мазмұндық моделін құрастыру, шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің критерийлерін, көрсеткіштерін және деңгейлерін айқындау;

– «Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі» бағдарламасын әзірлеу және апробациядан өткізу;

– құрылымдық-мазмұндық модельдің және бағдарламаның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеру, алынған нәтижелерді сандық және сапалық талдау және ғылыми-әдістемелік, ұсыныстар беру.

Зерттеу нысаны: шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделу үдерісі.

Зерттеу пәні: шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін қамтамасыз етудің мазмұны мен моделі.

Зерттеудің ғылыми болжамы: *Егер,* шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің құрылымдық-мазмұндық моделі, бағдарламасы мен сайты әзірленіп, білім беру үдерісіне жүйелі түрде енгізілсе, *онда* шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделу деңгейі жоғарлайды, *өйткені* ұсынылған модель және бейімделу бағдарламасы мен әзірленген сайт бейімделу үдерісінің мотивациялық, когнитивтік, коммуникативтік және тұлғалық компоненттерді қамтып, студенттердің академиялық ортаға енуіне, әлеуметтік өзара әрекеттесуіне бағытталған педагогикалық ықпалдар жүйесін қамтамасыз етеді.

Зерттеу әдістері:

1) Дерек көздерін талдау - заңнамалық құжаттарды, мерзімді баспасөз материалдарын, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді теориялық талдау, сондай-ақ ғаламдық Интернет желісінде жарияланған материалдарды зерделеу және өңделді;

2) Библиометриялық талдау - ғылыми жарияланымдарды математикалық және статистикалық өңдеу арқылы зерттеу тақырыбының даму динамикасын, негізгі ғылыми бағыттарды және ғылыми байланыстар анықталды;

3) Салыстырмалы талдау - отандық және шетелдік тәжірибедегі студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделу ерекшеліктерін талданды;

4) Сауалнама әдісі – респонденттердің пікірлері мен көзқарастарын анықтау мақсатында алдын ала дайындалған сауалнамалар алынды, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нен 120 білім алушы қатысқан сауланамаға IBM SPSS Statistics

«Statistical Package for the Social Sciences» «SPSS 22.0» бағдарламасы арқылы талдауларына сандық және сапалық өңдеу жүргізілді.

5) Тақырыптық талдау әдісі **-** Түркиядағы жоғары оқу орындарында білім алып жүрген қазақстандық студенттентерден авторлық сауалнама арқылы деректер жиналып, олардың әлеуметтік-педагогикалық бейімделу тәжірибесін, кездесетін қиындықтары мен қажеттіліктерін анықтау мақсатында зерттеу жүргізілді. Тақырыптық талдау барысында алынған деректер кодталып, ұқсас кодтар санаттарға біріктіріліп, негізгі тақырыптар анықталды.

6) Педагогикалық эксперимент әдісі – зерттеу болжамы тексеріліп және ұсынылған модельдің тиімділігі тәжірибе жүзінде анықталды.

Зерттеудің жетекші идеясы: Шетелдік студенттердің университеттік ортаға табысты әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі олардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін және әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерін ескере отырып, мақсатты түрде ұйымдастырылған педагогикалық қолдау жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы: Шетелдік студенттердің университеттік ортаға табысты әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі олардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін және әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерін ескере отырып, мақсатты түрде ұйымдастырылған педагогикалық қолдау жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: шетелдік студенттердің бейімделу бағдарламасы, диагностикалық әдістемелер кешені, тренингтер мен практикалық тапсырмалар жүйесі, бейімделу жол картасы және ақпараттық-интерактивті сайт әзірленді.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері:

Жүйелілік тұғыр (Ш.Т. Таубаева, В.В. Краевский, М. Есекешова, Г. Тулеуова), құзыреттілік тұғыр (Г.Ж. Меңлібекова, И.А. Зимняя, Н.В. Кузьмина, М.В. Рыжаков), синергетикалық тұғыр (И. Пригожин, И. Стенгерс, Е.Н. Князева, С.П. Курдюмов, Г. Хакен, Дж. Португали) және орта тұғыры (И.А. Баева, Ю.С. Мануйлов, Н.Д. Хмель) құрайды. сонымен қатар шетелдік студенттердің мәдени және әлеуметтік-психологиялық бейімделуі (J.W. Berry, A.G. Ryder, L.E. Alden, D.L. Paulhus, C. Ward, S. Bochner және т.б.); академиялық бейімделуі (J.R. Anderson, Y. Guan, Y. Koc); университеттік және әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделу, қандастардың бейімделу мәселелері (Қ.Қ. Шалғынбаева, А.М. Қажғалиева, Ә.С. Нұржанова, Ж.А. Есказинова, Ж.А. Таджибаева және т.б.) бойынша жүргізілген зерттеулер құрайды.

Зерттеу базасы: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Гази университеті (Түркия)

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- «бейімделу» және «әлеуметтік-педагогикалық бейімделу» ұғымдары философиялық, психологиялық және педагогикалық ғылымдар аясында жан-жақты қарастырылды, олардың мазмұны логикалық тұрғыдан дұрыс жүйеленді;
- библиометриялық талдау арқылы зерттеудің анықтамалық сөздігі толықтырылып, шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінде сонғы уақытта академиялық және институционалдық бағыттарға

аса назар аударатының байқадық. Осы библиометриялық талдау негізінде зерттеуіміздің теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып толықтырылды;

- шетелдік студенттердің бейімделуін қамтамасыз ету қағидаларын негіздеуді жүйелік, құзыреттілік, синергетикалық және орта тұғырлар қолданылады. Дәл осы тұғырлардың пайдалануы кешенділік, іс қағидаттарын шетелдік студенттердің бейімделуін жобалуға мүмкіндік береді;

- университеттік ортада шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін қамтамасыз ететін құрылымдық-мазмұндық модель әзірленіп, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында дәлелденді. Ұсынылған модель оқу, әлеуметтік және психологиялық қолдауды кешенді қамтитын жүйе ретінде ұсынылды. Шетелдік студенттердің мотивациялық, когнитивті, коммуникативті және тұлғалық компоненттерінің дамуын көрсететін әлеуметтік-педагогикалық бейімделу критерийлері, көрсеткіштері мен деңгейлерінің жүйесі негізделген. Эксперимент нәтижелері негізінде модельдің бейімделу деңгейін айтарлықтай арттыру мүмкіндігі дәлелденді;

- университетте шетелдік студенттердің бейімделуін басқарушылық және педагогикалық қолдау үшін сайт әзірленді (https://uznatbolche.tilda.ws), педагогикалық практикада «Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі» бағдарламасы және жол картасы әзірленді және сыналды.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Шетелдік студенттердің университеттік ортаға бейімделу мәселесіне қатысты теориялық еңбектерді жүйелеу және талдау барысында «бейімделу», «әлеуметтік - педагогикалық бейімделу», ұғымдарының мәні мен мазмұны нақтыланып авторлық анықтама берілді:

«Бейімделу» – тұлғаның жаңа әлеуметтік, мәдени, білім беру және кәсіби орта жағдайларына біртіндеп енуі барысында оның ішкі психологиялық ресурстары мен сыртқы әлеуметтік талаптардың өзара үйлесуінен туындайтын динамикалық әрі үздіксіз үдеріс.

«Әлеуметтік-педагогикалық бейімделу» – студенттің университеттік ортаға, әлеуметтік қатынастар жүйесіне және қабылдаушы қоғамның мәдени кеңістігіне тиімді кірігуін қамтамасыз ететін, әлеуметтік қолдау, педагогикалық сүйемелдеу және тұлғаның белсенді қатысуы негізінде жүзеге асатын көпдеңгейлі үдеріс.

2. Шетелдік студенттердің бейімделу процесін кешенді түрде қарастыру олардың өзара байланысты компоненттері бар тұтас жүйе ретінде қарастырылатынын негіздейтін ***жүйелік тұғыр,*** білім беру үдерісінде студенттердің білім, дағдылар мен құндылықтарын дамытуға бағытталған ***құзыреттілік тұғыр,*** бейімделу процесінің динамикалық және өзін-өзі ұйымдастыру сипаты шетелдік студенттердің әлеуметтік-академиялық ортадағы өзара әрекеттесу ерекшеліктерін түсіндіруге мүмкіндік беретін ***синергетикалық тұғыр***, студенттердің оқу үлгерімін арттыру және олардың университеттік ортаға тиімді академиялық бейімделуін қамтамасыз етуде әлеуметтік-білім беру ортасының рөлін айқындайтын ***орта тұғырының*** маңызы дәлелденеді.

Тұғырлардың өзара үйлесімділігі шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берді.

3. Түркиядағы жоғары оқу орындарында білім алып жүрген қазақстандық студенттердің қатысуымен жүргізілген тақырыптық талдау негізінде Қазақстан мен Түркиядағы студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделу тәжірибесіне салыстырмалы зерттеу жасалды. Авторлық сауалнама арқылы жиналған деректер студенттердің бейімделу тәжірибесін, кездесетін қиындықтарын және қажеттіліктерін айқындауға мүмкіндік берді. Алынған мәліметтер кодталып, ұқсас кодтар санаттарға біріктіріліп, негізгі тақырыптар анықталды. Gazi University тәжірибесі негізінде шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін қолдау механизмдері анықталды.

4. Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді. Модель мотивациялық, когнитивтік, коммуникативтік және тұлғалық компоненттерден тұрады. Оның теориялық-әдіснамалық негізін жүйелік, құзыреттілік, синергетикалық және орта тұғырлары құрайды. Ұсынылған модельдің тиімділігі тәжірибеде тексерілді.

5. «Шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі» атты бағдарлама және жол картасы әзірленді. Бағдарлама мәдени, психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік бейімделу бағыттарын қамтып, студенттердің жаңа ортаға бейімделуіне, оқу үдерісіне белсенді қатысуына, университет қауымдастығына интеграциялануына және мәдениаралық коммуникация дағдыларын дамытуға бағытталды. Зерттеу нәтижелерін цифрландыру мақсатында бағдарлама негізінде шетелдік студенттерге арналған арнайы веб-сайт (https://uznatbolche.tilda.ws) әзірленді.

6. Шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін зерттеу мақсатында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де тәжірибелік-педагогикалық эксперимент жүргізілді. Әлеуметтік-педагогикалық бейімделуді бағалау үшін мотивациялық компонент бойынша «Ванкувер аккультурация индексі», когнитивтік компонент бойынша «Академиялық бейімделу шкаласы», коммуникативтік және тұлғалық компоненттер бойынша «К. Роджерс пен Р. Даймондтың әлеуметтік-психологиялық бейімделуді диагностикалау әдістемесі», ал компоненттерді кешенді бағалау үшін «Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін бағалау» авторлық сауалнамасы қолданылды. Зерттеу құралдарының ішкі бірізділігі Кронбах альфа коэффициенті, алынған деректерге корреляциялық талдау, тәуелсіз іріктемелерге арналған t-тест жүргізіліп, компоненттер арасындағы өзара байланыстар мен зерттеу топтары арасындағы айырмашылықтар анықталды. Зерттеу нәтижелері ұсынылған модельдің ғылыми негізділігін, сенімділігін және валидтілігін растады.

Диссертацияның құрылымы: Диссертация жалпы көлемі 180 беттен тұрады, оған кіріспе, үш тарау, қорытынды, әдебиеттер тізімі және қосымшалар кіреді. Диссертацияда 35 кесте, 16 сурет берілген және қосымшалармен толықтырылған.